

## БӨРТОСТАҒАН

- Бөртостаған – Күн мен жел қақтаған жұмбақ тас...
- Бөртостаған – бір планетаның үзіліп түскен сынығы.

(Екеудің әңгімесінен)

Ақ селеу жапқан түз мынау,  
Ат байлар бұта табылмас.  
Ақ табан жолдар жүз бұрау,  
Ақ шаңдақ күйден арылмас.

Бөріктей болып бір алып,  
Бөгелтіп назар бұрасың.  
Бұлғақты жырға сұранып,  
Бұлдырап ылғи тұрасың.

Жұмбақсың және тым қиын,  
Жаралдың екен сен неден.  
Жапанда жортып жүр құйын,  
Жаһаннан дерек бермеген.

Айналып ұшқан бөктергі,  
Айтпайды ол да сыр бөтен.  
Аймақты көзден өткерді,  
Айрықша шығар бұл мекен.

Дүркірей қашқан топ елік,  
Даланың сәні дәл мынау.  
Дүбірге елтіп, бөгеліп,  
Дүдәмал күйде қалдым-ау.

Жалғыздық саған жарасқан,  
Жазыққа қойған нүктедей.  
Жаныңда тау жоқ таласқан,  
Жөңкілді бұлттар түк демей.

Мұраты жолдың өтелсін,  
Мазасыз тірлік жаңғырып.  
Мұң артқан маңғаз екенсің,  
Мұнартып тұрған мәңгілік!..

\* \* \*

Ақын сөздің асылын таңдамас па,  
Айтары не, арманмен алға басса!  
Өңмендесе өзгелер шаруам жоқ,  
Өлең жазып отырам қарбаласта...

Сыбырына елтимін самалдың да,  
Сондай сәтті қайтадан табармын ба?!  
Өшіп-жанған жарықта шаруам жоқ,  
Өлең жазып отырам таң алдында...

Қайғырмаса екен деп қалқа налып,  
Қалмаса деп жүректе ән қамалып,  
Өрекіген сезімді ноқталамай,  
Өлең жазып отырам арқаланып...

Өміріңмен өмірім егіз десіп,  
Ғашық жандар ғаламда нені іздесін...  
Өліп-талып жеткендей мұратыма,  
Өлең жазып отырам теңіз кешіп...

Жаз өткелі жадырап, қан қызбады,  
Қанбақ күндер жел қуған андыздады...  
Өзгелердің ұпайын санамай-ақ,  
Өлең жазып отырам жалғыз қалып...

Артта қалды қаншама белең, жазық,  
Ақыл кенін жасырдық терең қазып...  
Өрге жүзген кемеден сәлем жолдап,  
Өлең жазып отырам, өлең жазып...